«Нұр Асықата» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес №1 хаттамасы

31.08.2021ж

Қатысқаны-23

Қатыспағаны жоқ

**Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі мекеменің жаңа оқу жылына дайындығы»

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жас мүмкіндіктеріне сәйкес білім , білік дағдыларын , балалардың рухани – адамгершілік құндылықтарын ұлттық мәдениетті бала бойында қалыптастыру ,патриоттылыққа және елжандылыққа тәрбиелеу . Жаңа оқу жылында мектепке дейінгі мекеменің тиімді ,жоспарлы әрекетін қамтамасыз ету.Мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік –тілдік белсенділіктерін дамыту.Баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық – кеңістіктік дамытушы орта құру.

Күн тәртібінде.

1.Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларының қорытындысы.

2..2021-2022 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес педагогтардың оқу жоспарын, оқу- тәрбие жұмысының кестесін бекіту, жұмыс кестесін бекіту.

3.2021-2022 оқу жылына Мнемотехника әдәсіне негізделген балабақшаның проблемалық тақырыбын бекіту.

4. Аттестататтау комиссиясын және аттестаталатын педагог қызметкерлердің тізімін бекіту.

5.**Психолог** маманның 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысу ,бекіту

6. **Музыка жетекшісі** және **денешынықтыру нұсқаушысының** 2021-2022 оқу жылының жұмыс жооспарымен таныстыру, бекіту.

7.2021-20222 оқу жылына арналған **орыс тілі** маманының жұмыс жоспарымен танысу ,бекіту.

8.МДҰ топтардың 2021-2022 оқу жылына білім беру үдерісін ұйымдастыру, талдау. Топтарда заттарда дамытушы ортаны ұйымдастыру.

«Балаларды кешенді сауықтыру»

Балаларды кешенді медициналық - психологиялық –педагогикалық сауықтыруды ұйымдастыруда қолданылатын түрлер мен әдістердің тиімділігін бекіту.

Педагогтардың өзге тақырыптарда сұрақтары.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі Т. Кенжебекова сөз алып, педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады.

Педагогтар құрамына жаңа оқу жылындағы өзгерістер жайында айтатын боламын , жазғы сауықтыру шарсын қортындылап алайық.

Бірінші мәселе бойынша балабақша медбикесі А. Сарсеноваға беремін .

Биылғы жазғы сауықтыру – шынықтыру шаралары ойдағыдай өтті.Жоспарланған жоспар бойынша балаларға жеміс-жидектер, шырындар берілсе, таза ауада уақыттарын өткізіп ,ауру сырқаттан аман болды.Күннің ыстығында балалар бас киімі т.б қадағалап отырдым.Барлық іс- шаралар методикалық талапқа сай талапқа сай өтті деп ойлаймын

Екінші мәселе бойынша 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына сәйкес педагогтарддың , оқу -тәрбие жұмысының кестесін бекіту туралы балабақша меңгерушісі

Т.Кенжебекова сөз алып ,айтып өтті.

Сондай-ақ педагогтардың сапалық құрамымен таныстырды яғни 9 топтың тәрбиешілері.Әр тәрбиешінің қай топта жұмыс атқаратынын айтып өтті.

Жаңа оқу жылына жаңа қарқынмен кірісу керек екенін нақтылап айтып өтті. Жаңа оқу жылындағы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі

ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатымен таныстырды.

Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республибликасының «Білім туралы»

«Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және Қазақстан Республикасының

білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, сонымен қатар Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен дамыту оқыту ды дамыту моделі негізінде әзірлеген.

Әдістемелік нұсқау хатта 2021-2022 оқу жылындағы негігізгі міндеттер белгіленген , бағыттар бойынша айтып өтті.

-әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере, отырып ,жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын ,оның ішінде инклюзивті орта құруды.

- балаларды қызықты ойын түрінде тәрбиелеу , оқыту және дамытуды

-баланың білім беру процесіне толықанды қатысушы деп тану, тағы басқа да бағытарына тоқталып өтті

Топтар санитариялық қағидаларға сәйкес толықтырылады

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес

1) Ерте жас тобында (1 жастан бастап ) – ұзақтығы 7-10 минут( 7 сағатты) ,
2) Кіші топта (2 жастан бастап)-ұзақтығы -10-15 минут (9 сағатты құрайды),
3) Ортаңғы топ( 3 жастан бастап) ұзақтығы 15-20 минут( 11 сағатты),
4) Ересек топта ( 4жастан бастап) –ұзақтығы 20-25 минут(12 сағатты)
5) Мектеп алды даярлық тобында( 5жастан бастап) оқу жүктемесінің көлемі ұзақтығы -25-30 минут (20 сағатты)

   Биылғы жаңа 2021-2022 оқу жылында балалардың жас ерекшеліне сай МАД-2 топ,ересек -2топ ортаңғы -1топ ,кіші жас тобы-2топ , ерте жас тобы -2 топ болып отыр.

   2021-2022 оқу жылында орыс тілі маманы А. Жумабаева штаттық кесте бойынша топ санын оқу жүктемесіне сай 1,25 ке қысқартылып отыр,стантдарт талаптарына сәйкес.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгеруші Т. Кенжебекова

Мнемотехника әдісіне негізделген проблемалық тақырыпты 2020-2021 оқу жылына алған едік , 2020-2021 оқу жылын қашықтықтан басталған болатын ,алайда қашықтықтан өткізілген , оқу жылының екінші жартысында ақпан айында балабақшамызда кезекші топтар ашылып 10-15 баламен жұмыс жасалды, қашықтықтан өткізілген ҰОҚ –тері болған соң, Мнемотехника әдісін тереңнен түсініп , балалармен жұмыс жасау үшін биылғы жаңа оқу жылына қайта алып отырмыз.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері П. Айтхожаева сөз алып, Аттестаттау комиссиясын құру жайлы айтты.

1.Аттестаттау комиссиясының төрайымы: Т.Кенжебекова

2.Аттестаттау сараптама тобының мүшесі :А. А. Нуралиева –жетісай ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі мектепке дейінгі тәрбие әдіскері.

3. Аттестаттау сараптама тобының мүшесі: Б.М.Қалмырзаева.-тәрбиеші

4. Аттестаттау сараптама тобының мүшесі:Б.К.Қауымбаева- тәрбиеші

5. Аттестаттау тобының хатшысы: П.Р. Айтхожаева- әдіскер

Аттесталатын педагогтар тізімі .

тәрбиеші- Исакова. К

Тәрбиеші- Джумабекова. А

Тәрбиеші-Рыскулова А

Тәрбиеші-Аптикаримова А

Тәрбиеші- Бұхарбаева. К

Балабақша тәрбиешілері К. Исакова, А. Рыскулова, Ә. Аптикаримова,

А.Джумабекова,К. Бұхарбаева.

Біліктілік санаттарының мерзімі аяқталуына аттестаталу тесттен өту керек болатын, алайда аты аталған тәрбиешілер 2021 жыл мамыр айындағы тесттілеуге қатыспаған ,сол себептен екінші санаттарының мерзімі аяқталуына байланысты ,екінші санаттары алып тасталынды .

Педагогтарды аттестаттау қараша айында болады, тәрбиешілер тесттілеуге қатысып, біліктілік санаттарын қайта бекітететін болады.

Балабақша психологы А. Болатова сөз алып, жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспарымен таныстырып өтті. Бекітілді.

Балабақша музыка жетекшісі Д. Қасымбекова, дене шынықтыру нұсқаушысы С. Аязханова жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспарымен таныстырды . Бекітілді.

Балабақша орыс тілі маманы А.Жумабаева жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспарымен таныстырды. Бекітілді.

Балабақша меңгерушісі Т. Кенжебекова сөз алып, балабақша топтарының 2021-2022 оқу жылына білім бнру үрдісін ұйымдастыру , талдау және топтарда заттық дамытушы ортаны ,тәрбиешілердің перспективалық жоспарын бекіту.

Балаларды кешенді медициналық - психологиялық –педагогикалық сауықтыруды ұйымдастыруда қолданылатын түрлер мен әдістердің тиімділігін бекіту.

Шешімі:

1.2021-2022 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес педагогтардың оқу жоспарын, оқу-тәрбие жұмысының кестесін бекіту, жұмыс кестесін бекітілсін.

2.2021-2022 оқу жылына Мнемотехника әдәсіне негізделген балабақшаның проблемалық тақырыбын бекітілісін

Балабақшаның жылдық жоспары бекітілсін.

4. Аттестататтау комиссиясын және аттестаталатын педагог қызметкерлердің тізімін бекітілсін.

5.**Психолог** маманның 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырылып, бекітілсін.

6. **Музыка жетекшісі** және **денешынықтыру нұсқаушысының** 2021-2022 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстырылып, бекітілсін.

7.2021-20222 оқу жылына арналған **орыс тілі** маманының жұмыс жоспарымен таныстырылып ,бекітілсін

8.МДҰ топтардың 2021-2022 оқу жылына білім беру үдерісін ұйымдастырылсын, Топтарда заттарда дамытушы ортаны ұйымдастырылсын.

Балаларды кешенді сауықтыру шараларын ұйымдастырылсын.

Төрайымы: Т. Кенжебекова

хатшы: Т. Айтхожаева

## №2. Педагогикалық кеңес отырысы

**Күні: 25.11.2021ж**

**Қатысқандар-22**

**Тақырыбы:** «Мнемотехника әдістемесі бойынша оқыту ерекшеліктері»

**Мақсаты:** Мектепке дейінгі мекемедегі балалардың тілін дамытудағы коммуникативтік қабілеттерін дамыту, педагогтардың педагогикалық білімдерін және шеберліктерін жүйелеу ,толықтыру.

**Күн тәртібінде:**

**1.**Өткен кеңестің шешімінің орындалуы туралы .

1.**Баяндама**: «Балалардың сөз материалын есте сақтауда Мнемотехниканың маңызы».

Әдіскер .Айтхожаева П

2.**Баяндама**: «Балалардың тілін дамытудағы дидактикалық құрал-мнемокестенің маңызы».Тәрбиеші . Б. Қалмырзаева

3.Қосымша сұрақтар.

4.**Конкурс** : «Балалардың тілдік дамуына ықпал ететін көрнекіліктер көрмесі

Әдіскер .Айтхожаева П

Топ тәрбиешілері,

5.Балалардың экологиялық құзыреттілігінің даму мониторингі және топтар бойынша өткізілген ашық ҰОҚ,тақырыптық тексеріс қорытындысы.

1.Тыңдалды :Өткен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде балабақша менгерушісі Т.Кенжебекова сөз алып, балабақшаның жылдық жоспар бойынша «Мнемотехника әдістемесі бойынша оқыту ерекшеліктері» әдістемесі бойынша айтып өтті .

Мнемотехника –бұл оқыту кезінде , балалардың әр түрлі ақпараттарын есте сақтауда өмірді құтқарушы.

Мнемотехника –бұл визуалды және дыбыстық мысалдрды қолданып ақпаратты есте сақтаудың әдістері мен әдістерінің жиынтығы.

Мнемотехника –бұл есте сақтауды дамытатын технология

Мнемотехника-бұл көркем шығармаларды тез есте сақтау және қабылдауға қолданатын әдістер мен тәсілдер жүйесі,мектеп жасына дейінгі балаларда

мнемотехнологияны пайдалану қазіргі таңда өте тиімді ,балалармен жұмыс істеуде дидактикалық материалдар ретінде мнемокестелер пайдалану ерекше орын алады.

Мнемокесте – бұл белгілі мәліметтері бар сызба

Мнемотехникалық әдіс –өлеңдерді алгоритмикалық жаттығуларды жаттаудың ,әңгімелерді сипаттаудың әдістемесі.

**Тыңдалды:**

Балабақша әдіскері П.Р.Айтхожаева сөз алып, балабақша жылдық жоспарына сәйкес Мнемотехника әдістемесі бойынша жұмыс жүргізіліп отыр.

Құрметті әріптестер:

«Балалардың тілін дамытудағы сөз материалын есте сақтауда Мнемотехниканың маңызы» тақырыбында баяндаманы оқып таныстырайын.Баяндама тыңдалды. Қоса тіркелді.

2.Тыңдалды:сөз алды балабақша тәрбиешісі Қалмырзаева Баян. «Балалардың тілін дамытудағы дидактикалық құрал- мнемокестенің маңызы»туралы баяндама оқыды.Қоса тіркеледі. Кәзіргі таңда балалардың тілін дамыту маңызды мәселелердің бірі болып табылады.Мектепке дейінгі баланың тілді меңгеру үдерісі үлкендермен және балалармен қарым- қатынас жасаумен және мүмкіндігімен тығыз байланысты.Соңғы жылдары балалардың сөйлеу деңгейлері дамуының төмендеуі ерекше байқалуда.балабақшада балаға білім берудің жетістігі ретінде ең маңызды және ең алғашкы жағдай баланың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту болып табылады.

**2. Тыңдалды:** сөз алды балабақша меңгеруші Т.Ж.Кенжебекова

Қосымша сұрақтар бойынша тәрбиешілердің сұрақтары болса ортаға салыңыздар баяндамада бәрі түсінікті қамтылып айтылды.Кейінгі кездерде балалардан келесі проблемаларды байқауға болады:сөздік қорларының аздығы,байланыстырып сөйлеу қабілеттерінің төмен денгейде ,дыбыстық мәдениеттерінің төмендігі ,зейіндерінің ,ойлау қабілеттері төмендеу дамыған .Сондықтан да біздің алдымыға келіп тірелген мақсаттардың бірі,ол ;балаларды байланыстырып сөйлеуді,ойларын грамматикалық дұрыс құрап жеткізу,айналада болып жатқан оқиғаларды жеткізе алу болып келеді.Балаларды оқыту кезінде творчестволық әдістерді қолданған жөн.Мнемотехника әдісін қолдану ассоцияциялау арқылы,балалардың есте сақтау қабілеттерін жеңілдете түседі.Сондықтан мектепке дейінгі мекемеден бастап жұмыстарды дұрыс жолға қоюымыз тиіс.

**3.Тыңдалды**: Сөз алды тәрбиеші Қауынбаева Бибигул : Ересек топтан бастап балаларда қоршаған әлем туралы түсініктері бар болғанда,таңбалы рәміздерді құрастыруға өздеріне жасатуға болады.Мнемотехникалық әдіс – өлеңдерді,алгоритмикалық жаттығуларды жаттаудың,әңгімелерді сипаттаудың әдісі.Жұмыс барысында үнемі қолданамыз.

4.Тыңдалды :сөз алды балабақша әдіскері Айтхожаева Пернегул ал апайлар мнемокесте бойынша ұйымдастырылған  конкурсымыздың тақырыбы : «Балалардың тілдік дамуына ықпал ететін көрнекіліктер»көрмесін бастаймыз ,барлықтарыңызға алдын ала берілген тапсырма бойынша бағалайтын боламыз.Әр тәрбиеші жасаған көрнекі құралдың тақырыбын және пайдалану тәсілі бойынша тоқталып өтті.

**5.Тыңдалды**:сөз алды балабақша менгерушісі Кенжебекова Толқын

Ал әріптестер көрнекіліктер көрмесін өте жақсы дайындағансыздар, фетр маталардың түр түсі де бала жасына лайықты таңдалған,эстетикалық жағынан да ,қауіпсіздік жағынан да сапалы дайындалған жұмыс барысында пайдаланғандарыңызға өте қолайлы.Барлық тәрбиешілер мадақтамамен марапаталады .Сіздерге шығармашылық табыс тілеймін.

**6.Тыңдалды:**сөз алды балабақша әдіскері Айтхожаева Пернегул балалардың экологиялық құзыреттілігінің даму мониторингі және топтар бойынша өткізілген ашық ҰОҚ,тақырыптық тексеріс қорытындысы бойынша тоқталып өтетін  болсақ төмендегідей:

Мектеп жасына дейінгі  балалардың ой- өрісін  кеңейту  үйрену ,олар моральдық  эстетикалық сапасын  құрылған .Ол табиғатта  бар сұлулықты мүмкіндігі болып  табылады және балалардың  экологиялық білім алуы жүзеге асырады .

Экологиялық  білім .беру ,балалар  тұратын  әлемнің мәні  қабылдауға әлемді  сезініп ойлауға  үйретеді.

Балаларды мектепке дайндауда  экологиялық тәрбие жұмысы  мынадай міндеттер негізінде жүзеге асырылып отыр.

-балаларды өсімдіктер мен  жануарларды күтіп баптауға  баулу

-табиғаттың сан алуан сырлары  мен байлықтары  жөнінде эстетикалық және ұлт жандылық  сезімдерін  дамыту

-табиғатта  барлық нәрсенің  бір- бірімен    өзара      байланысты болатынын

-тірі және өлі табиғаттағы  құбылыстар жөнінде  жалпылама және нақты түсініктер беру болып табылады.

«Құстарға қамқор боламыз», «Тазалалық - балабақша ауласы», «Күзгі жапырақтар» «Табиғат бұрышындағы еңбек» тақырытары бойынша топтарда экологиялық тәрбие жұмыстары жүргізілді.

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері бойынша айтып өтейін,

1.«Бәйтерек» кіші топта Таным саласы бойынша «Мен сиякты жаса»ұйымдастырылған ашық оқу кызметі өтті тәрбиешісі Ерназарова Гулнар жақсы балалар қызыға да қатысты барлық іс әрекеттері қамтылды.Ұсыныс көрнекі құралдар жеткілікті мөлшерде толықтырылсын.

2. «Балдәурен» кіші топта Катынас саласы бойынша «Жемістер мен көкөністер»тақырыбында өткізілді.Өте жақсы деңгейде ұйымдастырылған Шаттық шеңбері,Сергіту сәті,көрнекі құралдар да жеткілікті,ғажайып сәтке Қызыл телпектің келуі балалардың ойынға көңілді катысуы да жақсы болды Ұсыныс ұйымдастырылған ашық оқу іс әрекет уақыты асып кетті.

Басқа да топтарда ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері өз мерзімінде өтті,қажетті ұсыныстар айтылды.

Шешім:

1.**Баяндама**: «Балалардың сөз материалын есте сақтауда Мнемотехниканың маңызы».баяндама тыңдалды.

Тәрбиешілерге мнемотехника әдісін пайдаланудың тиімді жолдарын көрсету және ооны өз тәжірибелерінде кеңінен қолданылсын.

2.**Баяндама**: «Балалардың тілін дамытудағы дидактикалық құрал-мнемокестенің маңызы»,баяндама тыңдалды.

Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде дидактикалық құрал мнемокестелер

қолданылсын.

.**Конкурс** : «Балалардың тілдік дамуына ықпал ететін көрнекіліктер көрмесі,көрсетілді

5.Балалардың экологиялық құзыреттілігінің даму мониторингі және топтар бойынша өткізілген ашық ҰОҚ,тақырыптық тексеріс қорытындысы.

Төрайым: [signature] Ш. Кенжебекова.
Хатшы: [signature] Л. Ахтжанова

**№ 3 Педагогикалық кеңес хаттамасы**

күні 14.01.2022

қатысқаны:22

қатыспағаны-

Тақырыбы: «Мнемотехника әдістемесі бойынша оқыту ерекшеліктері»

Мақсаты : Мнемотехника әдісі бойынша балаларды еркін тәрбиелеп , өмірге бейімдеу , баланы қоршаған ортамен байланыстыру.

**Күн тәртібі**:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау .

2. Баяндама : « Мектепке дейінгі балаларды мектепке даярлау мнемотехника әдісінің ерекшеліктері»

МАД тәрбиешісі Биботаева .Н

3. Қосымша сұрақтар

4. «МДҰ-да дәстүрлі және инновациялық технологияларды пайдалану»

Әдіскер. П.Айтхожаева

**Тыңдалды:** Өткен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Т. Кенжебекова сөз алды .

Балаларды жан-жақты дамыту , олардың барлық кемістіктерін жөндеу ,мектепке дайындаудағы балабақша алдындағы басты мақсат . Сөйлеу бас мидың бірнеше бөлігінің бірігіп жұмыс істеу нәтижесі .Артикуляция мүшелері тек мидан келген бұйрықты орындаушылар. Балалардың тілін дамытуда келесі кедергілердің бары ешкімге де құпия емес.

Біздің мақсатымыз –заман талабына сай шыншыл, жаңашыл, шғаршыл , адамгершілік рухы жоғары , мәдениетті жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу .Осы орайда балабақшамызда жылдық жоспар негізінде мнемотехника әдістемесі бойынша топтарда жұмыстар жүргізілді

Мнемокестелермен жұмыс жүргізу барысында тәрбиешілер бес кезең бойынша жүргізді

- кестені қарп қандай сурет салынғанын анықтау

- берілген символдарды оқып шығу

-графикалық суреттермен мнемокесте жасау

-кестені балаға көрсете отырып ,бірге жасау

Байланыстырып сөйлеу ,сөз қорының байлығын ,тәжірибе арқылы ,бала байланыстырып сөйлеуді жақсы меңгерсе кез келген сұраққа жақсы жауап бере алатынын білеміз, сондықтан бала тілінің дамуына өз үлесімізді қосайық.

**Екінші мәселе бойынша** МАДТ тәрбиешісі Н. Биботаева «Мектепке дейінгі

балаларды мектепке даярлауда мнемотехника әдісінің ерекшеліктері» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды .

балабақшадағы тәрбиеленушілерді мектепке даярлау сұрағы үлкен маңызға ие болуда .Әсіресе ,қазіргі бастауыш білім берудің мазмұны өзгерген шақта 1-сынып барушы балалар алдын ала сауатты ,оның ішінде

дамыған,дыбыстарды қолданады ,ауызша сөйлеу ,сөйлемдерді дұрыс құру,сөздерді буынға бөлу ,өарындашты ұстай білу ,осындай дайындықты меңгерген балалар оңай және және жеңіл оқу процесін меңгереді.

**3**. Қосымша сұрақтар бойынша тәрбиеші Г. Сейтжанова баяндама бойынша өз пікірін айтты, тірбиешілер балалармен жеке жұмыс жасау барысында атқарылатын жұмыстар жайында атап өтті

**Төртінші мәселе** бойынша балабақша әдіскері П. Айтхожаева «МДҰ –да дәстүрлі және инновациялық технологияларды пайдалану» тақырыбында

баяндамасы тыңдалды.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіру қажеттілігі бар,сол себептен мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізі міндеті әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау , жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау керек.

мектепке дейінгі білім беру орындарында , педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім беру стандартын жүзеге асыру бағытталған.

**Ойын арқылы оқыту** технологиясының мақсаты дидактикалық,тәрбиелік , дамытушылық , әлеуметтендірушілік мақсатқа жету.

Ойын – балалар үшін оқу да ,еңбек те.Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі . Сонымен қтар , ойын балаларға өмірде кездескен

қиыншылықтардың жеңу жолын үйретіп қана қоймайды ,балалардың ұйымдастырушылық қабілеттері қалыптасады.

**Дамыта оқыту технологиясы –**баланы оқыта отырып дамыту.бала бойында еркіндік , мақсаткерлік ,еңбексүйгіштік, белсенділік ,адамгершілік ,т.б

қасиеттерін дамыту.

**Монтессори технологиясы –**М. Монтессори жүйесі негізінде 3 басты қағиданы құрайды

-әр баланың жеке ерекшеліктерін ескерту

-даму еркіндігін қамтамасыз ету

-баланың әрі қарай интеллектуалды дамуының .негізі ретінде сенсорлық және тжәне ден тәрбиесінің мүмкіндіктерін кеңінен қолдану

**Ақпараттық коммуникативтік технологиялар**

-жаңа технология әлемінде балаға жол серік болу

-ойын саяхаттар

-ақпаратты мәдениетті жеке тұлға қалыптастыру

-ойлау есте сақтау қабілеттерін дамыту.т.б

**Триз технологиясы-** тек қана балалардың қиялын ғана емес, шынайлықты түсініп жүйелі ойлауға,өзін- өзі тануға бағыттайды

**денсаулық сақтау технологиясы –**балардың денсаулық көрсетілімі, іс-шаралар, баяндама тыңдалды қосымша сұрақтарға жауап берілді.

Тәуелсіздігіміздің 30-.жылдығына орай балабақшада педагогтар арасында

«Тұғыры биік -Тәуелсіздік» іс-шарасы өткізілді, МАДТ топтары «Гүлдер» ,

«Тұлпар» топтарының «Менің Отаным –Қазақстан» тәрбие сағаты өтілді.

барлық топ тәрбиешілерінің жаңа жылдық ертеңгіліктері, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері талданып, ұсыныс айтылды.

Шешім:

1.Н. Биботаеваның баяндамасында айтылған мектепке дейінгі балаларды мектепке даярлау мнемотехника әдісінің ерекшеліктері балабақшада іске асырылсын.

Төрайшысы: Т. Кенжебекова.
Хатшы: П. Айтжоноава

## №4 Педагогикалық кеңес хаттамасы

күні:-24.03.2022ж

қатысқаны.-22

қатыспағаны-

**Тақырыбы:** « Білім беру процесінде денсаулық сақтау технологиясын жүйелі түрде пайдалану»

**Мақсаты**:Бала бойында салауатты өмір салты бойынша қажетті білімді, шеберлік пен дағдыны қалыптастыру.

**Күн тәртібінде:**

1№3 педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.

2.Балабақша психологы А. Болатова. Баяндама «Балаларды шынықтыру процедураларына үйрету»

3.Тәрбиеші Ж. Байымбетова . Баяндама. «Ояту гимнастикасының ең үздік каталогі»

4. « Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының ересек ,мектеп даярлық топтарындағы танымдық зерттеу жұмыстарының жағдаын талдау.

**Тыңдалды**. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Т. Кенжебекова сөз алды

Казіргі таңда балалардың тілін дамыту маңызды мәселелердің бірі болып табылады.Мектепке дейінгі баланың тілді меңгеру үдерісі үлкендермен және балалармен қарым- қатынас жасаумен және мүмкіндігімен тығыз байланысты.Соңғы жылдары балалардың сөйлеу деңгейлері дамуының төмендеуі ерекше байқалуда.балабақшада балаға білім берудің жетістігі ретінде ең маңызды және ең алғашқы жағдай баланың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту болып табылады Сондықтан да біздің алдымыға келіп тірелген мақсаттардың бірі,балаларды байланыстырып сөйлеуді,ойларын грамматикалық дұрыс құрап жеткізу,айналада болып жатқан оқиғаларды жеткізе алу болып келеді.Балаларды оқыту кезінде творчестволық әдістерді қолданған жөн.Мнемотехника әдісін қолдану ассоцияциялау арқылы,балалардың есте сақтау қабілеттерін жеңілдете түседі.Сондықтан мектепке дейінгі мекемеден бастап жұмыстарды дұрыс жолға қоюымыз тиіс.

балабақшадада осы орайда жұмыстар атқарылып отыр.

Мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіру қажеттілігі бар,сол себептен мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізі міндеті әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау , жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасалыныып отыр.

мектепке дейінгі білім беру орындарында , педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім беру стандартын жүзеге асыру бағытталған

**Екінші мәселе** бойынша балабақша психологы А. Болатова. Баяндама «Балаларды шынықтыру процедураларына үйрету»

Бала организімін шынықтыру – баланың денесін бірінші

күндерден бастап және ылғида шынықтырудың маңызы зор

-күн шуағына шынығу

-дене жаттығулары

-шомылу

-денені сулы орамалмен ысқылап сүрту

Жас ұрпақты жан- жақты дамыған ,ой өрісі биік азамат етіп өсіру үшін дене тәрбиесінің алатын рны ерекше.

**Үшінші мәселе** бойынша тәрбиеші Ж. Байымбетова . Баяндама. «Ояту гимнастикасының ең үздік каталогы»

Ұйқыдан ояну кезі келгенде тәрбиеші балаларды көтеріңкі көңіл күймен ояту керек,

-ояту шаралары баланың жас ерекшелігіне сай 7 минуттан -15 минутқа дейін жүргізуге болады

-ересек топ балалары үшін 20 минутқа созылуы мүмкін

Жаттығу түрлері

-төсек үсті жаттығулары өзіне- өзі массаж
-ойын түріндегі массаждар

-табанға арналған кілемшелер

-музыкалы –ырғақты жаттығулар

- шынықтыру –сауықтыру

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері П. Айтхожаева сөз алып, «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының ересек ,мектеп даярлық топтарындағы танымдық зеріттеу жұмыстарының жағдайына талдау

жасап айтып өтті.

мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін зеріттеу әрекеті арқылы дамыту

Зеріттеу бағытындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің құрлымы

-зеріттеу мақсатының қойылуы

-баланың есте сақтауына зейіне ойлауына арналған тренинг

-зерттеудің жоспарын анықтау

- балаларды шағын топтарға бөлу

- зеіттеу жүргізілген жұмыстың нәтижесі

ересек топтарда және мектеп алды даярлық топтарында танымдық зеріттеу жұмыстарынына талдау жасалынды.

Шешім:

1.Балабақша психологы А. Болатова. Баяндама «Балаларды шынықтыру процедураларына үйрету»тыңдалсын ,қоса тіркелсін.

топтарда шынықтыру шаралары ,жас ерекшеліне сай жүргізілсің.

2.Тәрбиеші Ж. Байымбетова . Баяндама. «Ояту гимнастикасының ең үздік каталогі» баяндама тыңдалсын,

денсаулық технологиясы бойынша ,әдіс тәсілдер орындалсын.

3.Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының ересек ,мектеп даярлық топтарындағы танымдық зеріттеу жұмыстарының жағдайын талдау

жасалынды .Зеріттеу жұмыстарына ұсыныстар айтылды.

Төрайым: [signature] Т. Кенжебекова
Хатшы: [signature] П. Айтхожаева